

“Тәлімгерлік – жас маман қолдауының тиімді жолы” тақырыбында өткен жас мамандарға арналған әдістемелік көмек көрсету туралы

АНЫҚТАМА

Өткізілген мерзімі: 07.04.2025 ж.


Өткен орны: Кітапхана

Қатысушылар: Д.Қонаев атындағы ЖББОМГ жас мамандары, тәлімгерлер, мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасарлары, дене шынықтыру әдістемелік кафедрасының мұғалімдері.

Мақсаты:

1. Тәлімгер мен тәлім алушы арасындағы ынтымақтастықты арттыру жолдарын талқылау.
2. Салауатты өмір салтын насихаттауда дене шынықтыру пәнінің рөлін зерттеу.
3. Жас мамандардың кәсіби дамуына қолдау көрсету және тәжірибемен бөлісу.

7-ші сәуір күні “Тәлімгерлік – жас маман қолдауының тиімді жолы” тақырыбында жас мамандарға арналған әдістемелік көмек көрсету семинары өткізілді. Шара барысында дене шынықтыру пәнінің мұғалімі, тәлімгер Ысқақов Б.оның тәлім алушысы Нағидуллин Д. өздерінің бірлесе атқарып жатқан жұмыстары жайында ой бөлісті. Ысқақов Б. тәлім алушысына көрсетілген әдістемелік қолдаудың түрлеріне, жаттығу әдістерін тиімді ұйымдастыру жолдарына тоқталса, Нағидуллин Д. осы уақыт аралығындағы кәсіби жетістіктері мен жинақтаған тәжірибесін баяндады. Сонымен қатар, Тыныштық М. салауатты өмір салтын қалыптастырудағы дене шынықтыру пәнінің ерекше маңызын айта отырып, бұл пәннің оқушылар өміріндегі рөлін жан-жақты ашып көрсетті. Дене шынықтыру кафедрасы мүшелері өздерінің оқыту әдістері мен жаңашылдықтарымен бөлісті. Қатысушылар арасында пікір алмасу өткізіліп, физикалық белсенділік пен спорттық әдістерді оқытуға жаңа идеялар ұсынылды. Отырыс соңында жас маман Айдарханов Н. жас педагогтермен бірлесе отырып, кері байланыс ұйымдастырып, бір-біріне ізгі тілектерін білдіру арқылы кездесуді жылы көңілмен қорытындылады. Өткізілген іс-шаралар нәтижесінде тәлімгерлер мен тәлім алушылардың арасындағы ынтымақтастықты нығайту жолдары айқындалды. Дене шынықтыру пәнінің салауатты өмір салтын қалыптастырудағы маңыздылығы ерекше атап өтілді. Жас мамандар қажетті әдістемелік көмек алып, өздерінің кәсіби дағдыларын жетілдіруге бағытталған нақты қадамдар жасады.



Анықтама жазған: Сарина С.Р.-мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары